



СТУДЕНТТІК ОМБУДСМЕН ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Студенттік омбудсмен-бұл ЖОО-ның кез келген білім алушысы бола алатын, студенттердің құқықтары жөніндегі уәкілетті тұлға. Студенттік омбудсмен-студенттер арасында сайланатын ең жоғары лауазымдардың бірі.

2. Студенттік омбудсменді университеттің студенттік бірлестіктерінің жетекшілері бір оқу жылына өкілеттік мерзімге сайлайды. Студенттік омбудсмен Қазақстан студенттер Альянсының (ҚСА) қалалық штабымен өзара бірлесіп жұмыс жасайды, ҚСА студенттерінің республикалық слетіне қатысу мандатына ие.

3. Студенттік омбудсмен білуге міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- 2) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңын;
- 3) Қазақстан студенттері Альянсының республикалық және қалалық штабтары туралы ереже, сондай-ақ бұл Ережені.

2. Студенттік омбудсменді сайлау

4. Студенттік омбудсмен лауазымына үміткер ҚСА қалалық штабы құраған ҚСА қалалық штабының сайлау комиссиясында тіркеледі. Ол үшін сайлауға үш күн қалғанға дейін белгіленген нысанда өтініш беру қажет.

5. Студенттік омбудсменді өзі оқитын жоғары оқу орнының студенттері сайлайды.

6. ЖОО студенттерінің сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Студенттерді сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге ешкімнің құқығы жоқ.

7. ЖОО студенттері тең негізде қатысады және олардың әрқайсысы бір сайлау бюллетеніне тиісінше бір дауысқа ие болады.

8. Студенттік омбудсмен лауазымының әрбір үміткеріне сайлауға қатысқан кезде тең құқықтар мен шарттар болуына кепілдік беріледі.

9. Студенттік омбудсмен бір оқу жылына өкілеттік мерзімімен сайланады.

3. Студенттік омбудсменнің шешетін мәселелері



10. Студенттік омбудсмен келесі мәселелерді шешеді:
- 1) студенттердің өтініштерін қабылдайды және қарастырады;
 - 2) оқушылардың әлеуметтік құқықтары мен мүдделерінің сақталуын қадағалайды;
 - 3) шиеленіскен жағдайларды шешеді;
 - 4) Өз құзыреті шегінде студенттердің өтініштері бойынша шаралар қабылдайды және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру жөнінде ұсынымдар береді;
 - 5) ЖОО-ның жастар және студенттік ұйымдарымен, жастармен жұмыс жасау бөлімімен және жоғары тұрған ұйымдармен өзара қарым-қатынас арқылы жұмыс жүргізеді.

4. Студенттік омбудсменнің міндеттері

11. Студенттік омбудсменге келесі міндеттер жүктеледі:
- 1) ҚСА республикалық және қалалық штабтарының жоспарына қатысты бөлігіндегі ережелерді, сондай-ақ басқа да тапсырмаларды іске асыру;
 - 2) ҚСА студенттер активімен жиналыстар, сондай-ақ айына кемінде екі рет студенттермен кездесулер өткізу;
 - 3) студенттердің анықталған мәселелері туралы ҚСА қалалық штабын хабардар ету;
 - 4) жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы ҚСА қалалық штабына хаттама түрінде есепті материал жіберу;
 - 5) Студенттік омбудсмендердің қалалық кеңесіне он күнде бір рет қатысу.

5. Құқықтар мен жауапкершілік

12. Студенттік омбудсмен құқылы:
- 1) ЖОО Әкімшілігіне әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;
 - 2) өз ЖОО шеңберінде ҚР заңнамасына қарама қайшы келмейтін іс-шараларды (конкурстар, фестивальдар, концерттер) және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға;
 - 3) сауалнамалар, сұрақ-жауап, мониторинг және т.б. өткізуге;
 - 4) басқа жоғары оқу орындарының студенттік омбудсмендерімен тәжірибе алмасуға міндетті.
13. Студенттік омбудсмен жауапты:
- 1) осы Ережемен жүктелген өз міндеттерін орындамағаны үшін;
 - 2) студенттік омбудсмендердің қалалық кеңесінде берілген ақпаратты пайдаланғаны үшін.